Данный научный семинар дал для молодых исследователей ориентир в изучении информационного общества, открыл новые информационные ресурсы, возможности в исследовании новой стадии общественного развития цивилизации, ИО – общества знаний.

**С.Х.БАРЛЫБАЕВА,**  
д.и.н., профессор факультета журналистики  
КазНУ им.аль-Фараби

Ажар АХМЕТҚЫЗЫ ЖҰБАНОВА,  
Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі,  
биология ғылымдарының докторы, профессор:

# “ӘКЕМНІҢ ТӘРБИЕСІ – ӨМІРЛІК БАҒДАРЫМНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ”



– Сізді алдымен бүгінгі ұстаздар күнімен құттықтағым келеді! Жалпы, ұстаз – аумағы кең, зор мағынаға толы ұлы сөз. Бұл пікірге ешбір жанның қарсылығы жоқ деп есептеймін. Ұстаздар меркесімен қатар келген осы сұхбаттың басын өзіңіздің еңбек жолыңыздан, өміріңізден, отбасыңыздан бастасақ.

– Мен 1941 жылы соғыс басталар уақыттан бірнеше ай ертерек дүниеге келгенмін. Мұны мен неге айтып тұрсыз дейсіз бе, себебі жастайымнан қиыншылықты көріп өстім. Тамақ жетіспей, киерге киім болмай жүрген сәттер көп болғанымен, Аллаға мың да бір шүкір, ата-анам жақсы тәрбие беріп, білімді жастардың алдыңғы қатарына қосты. Мен отбасында 7-ші баламын: алғашқы бала аурушаң болып туылып, ерте қайтыс болып кетті. Менен 1 жас үлкен Сәуле есімді әпкем болған. Әкем оны жанына жақын тартатын және ылғи



сол туралы айтатын. Өзі әкеме қатты ұқсайтын. Әрі арамыздағы ең пысығы сол кісі болатын. Пысықтығы сондай, «Пионерская правда»

газетінен келіп интервью алып, жастайынан елге танымал қыз болған. Алайда, дүниеден ерте өтті.

Үлкен отбасында дүниеге келдім: ағаларым, әпкелерім бар. Әпкем Ғазиза Жұбанова мен 4 жасқа толғанда мектеп бітірген, бәріңіз білесіздер деп ойлаймын, қазақтың қызынан шыққан бірінші «Алтын белгі» иегері, сазгер, Қазақстанның және КСРО-ның халық артисі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Мектеп бітірген соң Мәскеудегі музыкалық училищенен білім алуға жол тартты. Училищені аяқтаған соң, консерваторияға түсіп, оны да ойдағыдай тәмамдап шықты. 1945 жылы Қазақстаннан Россияға білім іздеп кеткен әпкем 13 жыл өткен соң ғана елімізге қайта оралды. Ата-анамыз бізге осындай, нақтырақ айтқанда, білім алып, барлық мақсаттарға жетіп болған соң ғана тұрмыс құру жайында жол көрсетті (күлді). Ғазиза Жұбанова ата-анамыздың осы тәлім-тәрбиесін ұстанып, сол 1958 жылы оқуын бітірісімен эзербайжан ұлтының азаматымен тұрмыс құрды. Әпкем де, жездем де өмірден өтті. Арттарында ізін жалғастырушы болып, 4 баласы қалды. Ал, ағам – Болат Ахметұлы әпкем екеуі егіз қозыдай болған. Бір-бірін қатты іздейтін. Сол әпкесі Мәскеуге кеткен соң Болат ағам да оқу бітіре салысымен,

әпкемнің артынан кетті. Содан соң сол Мәскеудегі Менделеев атындағы химия-технологиялық институтына түсті. 25 жасында кандидаттықты Мәскеу қаласында қорғап, 27 жасында Қазақстанға келді. Екінші ағам – Каир Ахметұлы мұнай институтына оқуға түсіп, үлкен мамандық иесі болды. Екі ағам да қазір доктор, ғалым, профессорлар. Сосын, Роза деген тағы бір әпкем болды. Пианиноға жақын болатын. Каир ағам екеуі қатар өсті. Ал мені, үйдің кенжесі болғандықтан, бәрі еркелететін, сондай бір қайта келмес қызықты шақтар еді ғой ол кездер...

Мен 5-сынып оқып жүргенімде Мәскеу мемлекеттік университетін салу басталды. Сол кезде «МГУ-ге түсемін» – деп алдыма мақсат қойып едім. Сосын, 58-жылы мектепті аяқтап, Мәскеудегі сол университетке барып, биолог болу мақсатымен емтихан тапсырдым. Оқуға түстім. Сонда оқып жүріп, үйдегі атаңмен (жары) жолықтым. 18 жасымда танысқаныммен, әкемнің тәрбиесін бойыма сіңіріп өскен мен, 21 жасқа аяқ басқанда ғана тұрмысқа шықтым. Қазір 2 қызым бар. Немерелерім бар. Екі жылға тарта уақыт осы биология факультетінде декан қызметін атқардым. Ал қазір, «Биотехнология кафедрасының» менгерушісімін.

– Ахмет ағаның отбасы туралы да айта отырсаңыз? Жалпы, кітаптар мен ғаламторда ол кісінің отбасы жайлы деректер тым аз кездеседі.

– Әкем 12 ағайынды. Көпшілік біле бермейтін бір сыр бар. Әкемнің үлкен ағасы болатын. Есімі – Құдайберген Жұбанов. Сол ағамыз өз заманында өте танымал тілші, ә д е б и е т ш і болған және айта кетерлік ерекшелігі – Құдайберген Жұбанов қазақтан шыққан бірінші профессор еді. Білікті маман ғана емес, 14 тілді жетік меңгерген ғалым. Ол кісінің тілді үйренудегі басты мақсаты – тілді зерттеу болды. 1936 жылдан бастап Құдайберген Жұбановты «Халық жауы» деген атпен қудалау басталды. Сол жылдан бері газеттер де ағамды жамандап жазып жатты. Сол бір жылдары отбасымызда ауыр кезеңдер болған іспетті. Ағамның 6 баласы болған. Ең кіші ұлы 1937 жылдың 13-қарашасында дүниеге келген, ал ағамды сол жылдың 19-қарашасында І. Жансүгіров, С. Сейфуллин сынды алаш арыстарымен бірге темір торға



қамаған. 1937 жылдың желтоқсан айында 38 жасқа толған ағамды 1938 жылы ақпан айында атып тастады. Атылғандығын біраз уақытқа дейін жасырса керек. Ағам сонда «ұлымның ең болмаса атын да білмей кеттім-ау» деп күйініпті. Шынында да, жаңа туған баласын қалдырып, түрмеге жол тарту ол кісіге де оңай болмағаны анық. Тағы бір айта кетерлік дерек, Алматыдағы бір атақты, бай кісі жер астынан саяжай салам деп, қазу жұмыстары жасалынып жатқанда жер астынан адам сүйектері шыққан. Сол жерден алаш арыстарының ғана емес, ағамның да сүйегі шыққаны дәлелденіп отыр.

– Сонда әкесіз қалған баланың тағдыры одан әрі қалай өрбіді ?

– Негізі, сол «үлкен әкеміздің» балалары мен біздің үйдің балалары қатар өстік. Бір үйдің баласындай күн кештік. Құдайберген Жұбанов түрмеге түскен соң, әйелі мен балалары Ақтөбеде болып, одан соң Алжир лагерінде болды. Біраз уақыттар өткен соң олар Алматыға келіп, біз бірге араласып кеттік. Дегенмен..., дегенмен, дүние есігін аша сала әкесіз қалған сол баланың өмірі басқа бауырларының өмірімен салыстырғанда қызығырақ әрі ерекше. Неге десеніз, алдымен ол бала туыла салысымен «репрессияға ұшыраған адамның баласы» атанды. Оның бір жаман тұсы: халық жауы атанған әкенің баласын ешбір жұмыс орнына қабылдамады. Біз бәріміз Мәскеуге барып түскенде, оларға ондай мақсатты іске асыруға шектеу қойылды. Соған қарамастан, әкем көмектесіп оларды оқытты. Баланың есімі – Асқар еді. Механика-математика саласында білім алғанымен, Асқардың жаны тілді зерттеуге тартты. Докторлық диссертациясын оқып шықтым, өте керемет жазылған. Диссертацияның басты идеясы: өзге тілді үйренудің тиімді жолын ұсынады. Жалпы шолып өтсем, кез келген тілді үйрену үшін сол тілдегі 100 сөзді білу жеткілікті деп түсіндіреді. Ол сөздер қарапайым сөздер емес, ғылым саласында, күнделікті өмірде, оқу орындары мен жұмыс кездерінде, көпшілік ортада жиі айтылатын 100 сөзді жіктеп, жоба ретінде ұсынған. Менің пікірімше, бұл жинақтамалар өте пайдалы.

– Ахмет аға кімді үлгі тұтты?

– Әкем қатты үлгі еткен тұлға – Құрманғазы болды. Құрманғазы туралы деректерді жинап, бірнеше кітаптар да шығарған. Мына менің қолымда тұрған «Композиторлардың өмірі мен творчествосы» деген жинағын да алдымен Құрманғазы бастаған.

– Жоғарыда айтып өттіңіз, «әкемнің тәрбиесі» деп, әкеңіздің сондай тәрбиесі сіздің санаңызда қаншалықты із қалдырды?

– Негізі, әкемнің әрбір айтқан сөзі, әрбір үйреткен тәрбиесі мен білімі мына менің санамда әлі сақтаулы. Сақталып қала да береді. Себебі, ата-анам берген тәрбиені мен өз қыздарым мен немерелеріме үйретуге тырысам. «Тәрбие» десе, алдымен еске түсетіні – билетсіз жүргенім үшін әкемнен ескерту алған күнім еді. Бала күнімде достарыммен ойнап жүріп, үйге қайтар тұста трамвайға мінітінбіз де билет алмай шығып кететінбіз. Бір күні әкеме келіп, сол нәрсені мақтанышпен айтып жатқанымда әкем маған зілді үнмен билетсіз жүрудің дұрыс еместігін ұқтырып еді. Сол күннен бері, тіпті, әлі күнге дейін мен билетсіз жүрмейтін болдым. Құдды бір, солай жаса-сам, әкем бізді сыртымыздан бақылап тұратын секілді көрінеді маған. Бұл да бір әкемнің тәрбиесінің жемісі деп ойлаймын және бір қызығы, біз сәнді киініп жүру немесе әдемілік үшін бет-әлпетке әртүрлі бояулар жағу деген әрекеттерден аулақ болатынбыз. Оқуға түскен жылы ғана әкемнің рұқсатымен шашымды қидырғаным есімде. Жалпы айтқанда, сол әкемнің тәрбиесін бойымызға сіңіріп өскен біз де, балаларым мен немерелерім де жаман болып өсті деп есептемеймін.



– Әкеңіздің мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізу жолында қандай да бір жұмыстармен айналысып жатырсыз ба?

– Әрине... Осы сәтке дейін айналысып келгенмін. Айналысып жатырмын да. Айналыса беремін де. Себебі, әкемнен соңынан балалары қалса да, енді ол кісілер 80-нен асқан бейнетінің зейнетін көретін жаста. Ал, менің бұл жолда қажыр-қайратым жетерлік. Былтыр ғана бірнеше телеарналармен, газеттермен келісіп мақалалар жариялап, кішігірім кино түсіргенбіз. Биыл да сондай ірі жоба бар. Алла бұйыртып жатса, сол жобаларды бірге жүзеге асырамыз деген сенімдемін. Не дегенмен, қай заманда болмасын, қай кезеңде болсын, жастардың үні басым ғой. Сондықтан, сіздердей білуге, тануға, зерттеуге құлшынысы бар жастар барда кез келген істі жүзеге асыруға болады. Сіздердей ұрпақ тәрбиеленіп жатса, Ахмет Жұбановтың есімі халық санасында жаңғыра бермек!

– Сұхбатыңызға рахмет! Сізге үлкен шығармашылық табыстар тілейміз!

Сұхбаттасқан  
Дина МҰРАТҚЫЗЫ, студент



# Алғашқы ізденіс

Қазақ әдебиетіндегі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алған шоқантану ілімі – бүгінгі күні бір емес бірнеше ғылымға, атап айтқанда әдебиеттану, тарих, этнография секілді ұлттық құндылықтарымыздың бастауына айналды. Күрмеуге келмейтін қысқа ғана ғұмырында соңына мол мұра қалдырған ұлттық қайраткерді тек ғылыми зерделеумен ғана шектелсек, мәдениетіміз ойсырап тұрар еді. Сондай олқылықты болдырмаудың бірден-бір жолы – жан-жақты насихат. Осы тұрғыда ғалым-ағартушының көркем бейнесін жасау ісіне С. Мұқанов, С. Марков, И. Стрелкова сияқты жазушылармен қатар қазақ балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сапарғали Бегалинді айрықша атаған жөн.

Өкінішке орай, әдеби орта қазақ балалар әдебиетінің атасын ұмытуға бет алған сияқты. Осы орайда әл-Фараби университеті студенттерінің «100 кітап» жобасы аясында автор шығармаларын оқуы аса құптарлық деп есептейміз.

Қазақ балалар әдебиетінің атасы атанған Сапарғали Бегалин ағартушы-ғалымға арнаған повесін, «Шоқан асулары» деп атап, алғашқы басылымын «Жазушы» баспасынан 1971 жылы шығарды. Кітап екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде бала Шоқанның қылықтары мен айрықша талабын суреттейді. «Мүсінші Мысық», «Ақын алдында», «Тұңғыш естелік», «Сонаршылар тобында», «Өрісті өнердің белгісі», «Нағашы ауылына саяхат», «Ұядан – ұлы жолға», «Жаңа достар арасында», «Дала сұңқары қиырға қарайды», «Аңсаған ауылға оралғанда», «Көңілсіз көріністен кейін», «Екінші қыста», «Аға достар арасында», «Есею жылдары» деген тарауларда Шоқан мінезінің қалыптасуын аңғартады.

Шығармасының көркемдік арқауына оқушыны тарту үшін қызықты оқиғалар ортасында Шоқанның іс-әрекетін,

қалыптасып келе жатқан мінез, машығын суреттегенде, жас оқырмандарды кейіпкерімен бірге талпынтады, сөйтіп шығарманың эстетикалық әсерін өсіріп отырады.

«Мүсінші Мысықта» Шоқанның балшықтан жасалған мүсіндерді жанды дүниедей көріп, қызықтауы ауылдың аңғал баласы емес, эстетикалық танымы қалыптаса бастаған кейіпті танып, ойлана қарайсыз. «Ақын алдында бөлімінде» Арыстан ақыннан Қозы Көрпеш жырын алғаш тындаған бала Шоқанның Баянға жаны ашып, көздеріне жас алған көпшіліктің бірі емес, Баян салдырған бейітті қандай екен деп құмартуынан сәулетшілікке бет бұрғанын аңғарасыз.

«Жеті жұрттың тілін біл» деген халық түйіні бала Шоқанды да ойлантпай өтпегенін, әр кезеңнің өз талабы бар деп түсінгенін аңғарамыз.

Шыңғыстың еркесі Жакыптың шыдамсыздығын айқын көрсеткенде автор негізгі кейіпкердің мерейін өсіру мақсатында емес, тарихи шындықтың шеңберінен алыстатпайды.

Автор осы шығармасын жазуды бастамас бұрын әбден дайындалған сияқты. Себебі Шоқан туралы ғылыми-зерттеу

еңбектермен шектеліп қалмай, жақсы білетін ағайын-туыстарымен кездесіп, құнды да, мәнді деректерді көп жинағаны аңғарылады. Шоқан туыстарының естеліктері, мұрағат құжаттарының барлығы болашақтағы Шоқан образының келе жатқанын аңғартады.

Автор бала Шоқанды «Нағашы ауылына саяхат» тарауында өз қатарынан ерекше зейінді, зерек етіп көрсетеді.

«Жаңа достар арасында» бөлімінде басталатын Сергей Сотников, Померанцев, Костылецкий, Карл Каземирович, Гутковский деген кісі аттары «Ғалым Шоқан» деп аталатын екінші тараудың соңына дейін жалғасады. Сергей Дуров, Капустин, Гасфорд, Хометовский, Густав Христианович, Фридрихс Петр Петрович, Семенов, Дмитрий Иванович Менделеев, Цириков, Демчинскийлер аттары Петербургке келгенде көбейіп, бейнеленулері қоюлана түседі. Алайда Шоқанның денгейі жаңа сипат ала бастайды.

Осы «Шоқан асуларында» кездесетін өзге ұлт өкілдері – болашақ ағартушы ғалымның төңірегі. Танысқан, табысқан, тілден бастап ғылым жолына түскенге дейін септігі тиген, тіпті кей сәттерде демеп жіберген достары – айтулы тұлғалар. Автордың тарих шеңберінен шықпай, нанымды суреттеуі – емес-емес хабары бар жас оқырмандар ғана емес, шоқантану іліміне үлес қосқандар да растайтын фактілер.

Шоқан Кеген бойындағы Албан руының «Кеген» деген таудың атауы қайдан шыққанын сұрағанда «қазақ сөзі емес, біздің бұрынғы жерлерді Жоңғар хандығы мекендепті. Олардың жерін қазақ-қалмақ



деп атайды. Сол елдің атауынан қалған көрінеді. Олар молдалардың үлкенін «Кеген» деп атайды екен. Содан «Кеген» деп атанып кетсе керек деген түсіндірменің тарихқа қатысы жоқ дей алмаспыз анық.

Балалар әдебиетінің ақсакалы атанған жазушының баланы баласынбай Шоқандай тұлғаны шығармасына арқау ете отырып, көркем шығармасында шежіре мен тарихты иірімін тауып өре білген.

Повесті зейін қойып оқи бастағанда оқушыны өз ынғайына бейімдеген шығарманың көленкелі тұсы да жоқ дей алмаймыз. Ол, әсіресе, бала Шоқанның мінезіне байланысты.

Шын мәнінде Шоқанның Омбыға барар алдындағы қарсылығы, әкесі Шыңғыстың жасаған жазасы сол күйінде берілгенде, ағартушы-ғалымның мінезі шынайы ашыла түсер еді. Бірақ «Шоқан оқулары» жарық көрген (1971) кезеңнің көркем шығармаға қоятын талаптарын жазушы Сапарғали Бегалин қалтқысыз орындаған. Ал алдағы уақытта Шоқан әр қырынан толық суреттеледі деп үміттенеміз.

К. АХМЕТ,

филология ғылымдарының докторы

## Қазақтың тұңғыш ғалымы жайлы

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН – ӘДЕБИЕТИМІЗДІҢ ПОЭЗИЯ, ПРОЗА ЖАНРЛАРЫНДА ТАРТЫМДЫ, ТОЛЫМДЫ ШЫҒАРМАЛАР БЕРГЕН КӨРНЕКТІ СУРЕТКЕР. ОНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САПАРЫНДА СУРЕТКЕР ҚАЛАМЫНАН ЖИЫРМАНЫҢ ҮСТІНДЕ ПОЭМА, ОННАН АСТАМ ПОВЕСТЬ, ЖҮЗДЕГЕН ӘНГІМЕ, БІР РОМАН, КӨПТЕГЕН ЕСТЕЛІКТЕР, ЗЕРТТЕУЛЕР, МАҚАЛАЛАР ТҮДІ.



Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Сапарғали Бегалиннің «Шоқан асулары» атты бұл шығармасында халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі Шоқан Уәлихановтың балалық шағы, кадет корпусында оқыған жылдары, ғалым-жиһангез атанған кездері,

ғылымға көптеген жаңалықтар әкелген Жетісуға, Ыстықкөлге, Қашқарияға, Петербургке сапарлары, сол сапарда орын алған елеулі жайттар мен кездескен қиыншылықтары туралы мәліметтер кеңінен қамтылған. Бұл шығарма «Бала Шоқан» және «Ғалым Шоқан» деген екі

бөлімнен тұрады. Сапарғали Бегалиннің қазақ халқының аса дарынды ұлдарының бірі Шоқан Уәлиханов жайлы жазған повесі беймезгіл заманда туып, заманның қыспағына түскен, жарқын талантымен, алғырлығымен, бойындағы білімге деген ерекше құштарлығымен қараңғы түнекті жарып өтуге ұмтылған адамның өмірін, балалық, жастық шағын нанымды әңгімелейді. Жазушы ұлы Шоқанның адамгершілік, көпшілік, қайырымды мінездері арқылы тарих белестеріне көз жібереді, тарих пен адамның қарым-қатынасына, адам және оның өзін қоршаған ортадағы күресіне назар аударады. Шоқан бойындағы отаншылдық сезімнің туу, қалыптасу жолдарын бейнелейді. Шоқан Уәлихановты біз қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушы-демократ, жазушы-публицист, аудармашы, суретші, сонымен қатар тарих, этнография, археология, социология, экономика, филология саласында жемісті еңбек еткен зерттеуші, ғалым ретінде танимыз. Шоқан туралы басқа шығармаларда біз Шоқанды ғалым ретінде немесе жазушы-публицист ретінде танысақ, Сапарғали Бегалиннің бұл шығармасында біз Шоқан Уәлихановты барлық қырынан толық тани аламыз. Әсіресе, сапарда жүрген кездерінде әр қырынан таныла бастайды. Мысалға, Шоқанның суретшілік өнері балалық шағынан белгілі бола бастаса, ал

аудармашы, археолог ретінде шығарманың орта шенінен тани бастаймыз. Кейіннен әр елді аралап, сол елдімекендер жайлы сол елдің ел ағалары, ақсақалдарынан мәліметтер жинап, сол елдің этнографиясы, тарихы жайлы құнды ақпараттарды хатқа түсіріп отырған. Сонымен қатар Шоқанның білімге, ғылымға деген шексіз құштарлығын оқырманға жақсы жеткізе алған. Шығарманы оқи отырып өзіңнің де сол Шоқандай ғылым мен білімнің тұңғығына еніп кеткің келіп, ғылымға деген көзін ашылып, ынтыға түсерің сөзсіз. Сондай-ақ, осы шығарма арқылы Шоқанның орыс достарының барлығымен дерлік таныс боламыз. Ол азаматтармен қай кезде танысып, қандай жағдайда араласып, әрқайсысымен арақатынасы қандай болғандығы жайлы нанымды, нақты мәліметтерді көре аламыз. Орыс ғалымдары мен билік басындағыларының өзін мойындатып, қиын деген мәселелердің өзін қиындыққа мойымай шешкен Шоқан Уәлихановты қазақтың арасынан шыққан жарық жұлдыз, тұңғыш ғалым ретінде танығандықтары көңіліңді бір марқайтып тастайды. Шоқанға деген шексіз құрмет пен мақтаншыл сезімі алаулайды. Шығармада Шоқан өмірінің соңғы сәттеріне дейін баяндалмаса да, өзінің қысқа ғұмырында жеткен жетістіктері мен асқан асулары толығымен дерлік баяндалған. Сондықтан да, Сапарғали Бегалиннің «Шоқан асулары» атты шығармасы Шоқан және оның ғылымға сіңірген еңбегі туралы құнды мәліметтер көзі екені даусыз!

Әйгерім БЕКМҰХАМЕТОВА

29 қазанда «Қазақстан журналистикасының бүгінгі мен болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтеді



**Беделхан Ернар**  
ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің 1-курс студенті. Мамандығы - математика. Алматы облысы Ескелді би ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Жетінші сыныптан бері өлең жазумен айналысқан. Мектеп оқушысы шағында Абай, Шәкәрім, Жансүгіров, Ескелді би оқуларына қатысып, жыр мұшайраларының жеңімпазы атанған. Өлең жазумен қатар домбырада ән айтады.

**МҰҢЫМ**

Сезесіңбе мұным бар көңілде бір,  
Ойнама қызғандырып сезіммен құр.  
Қасыңа біреу келсе қызғанамын,  
Жүрегім әрең-әрең төзіммен жүр.

Мұным мені мүжидің азаптадың,  
Асыр салдың санамда мазактадың.  
Күлгеніңе берер ем бір жымып,  
Әлемнің небір асыл ғажаптарын.

Қинайтынын білмеппін қатты мұнның,  
Себептері болар ем шаттығыңның.  
Қауыз жарған жүректе гүлім болғын,  
Айналып шумағына тәтті жырдың.

Сен сөйлесең отырам самғағым кеп,  
Өзінсіз тұман еді жан-жағым тек.  
Сырымды айтар едім ашылып бір,  
Ешкімнен таба алмай жүрмін жанға медет.

Көңіліме мұннан алып гүл екпе,  
Сүрем өмір өзінсіз мен түнекте.

Мәңгі бірге қалмай-ақ қой қаласан,  
Мұның қалсын азаптауға жүректе.

**ҚАЗАҚПЫН!**

Қазақпын мен, ренжитін насыбайға бір атым,  
Қазақпын мен ары таза жанынан биік тұратын.  
Түсінбеймін кейде бұралқы, ұры иттерді,  
Намысын сатып бес тиын құнсыз қылатын.

Қазақпын мен бөрі мінез батыр халық,  
Елімді бүкіл әлем жатыр танып.  
Жанын қиған бабалар қанымын мен,  
Аналар көз жасымын түскен тамып.  
Жазира дала, кеуделі асқар таулары,  
Бәрін шын сүйем орманы бакша баулары.  
Бойыма Алла намысты от қып бергенде,  
Күнә ғой оған арындып, лаулап жанбауы.

Жанамын әлі сөнбеймін тірі тұрғанда,  
Қылмаймын кенде елімді әннен жырлан да.  
Қазақпын нағыз, Алаштың рухы бойымда,  
Намысың үшін шалынар едім құрбанға.

Білемін әлі алдымнан атар таң күліп,  
Қазақ деп жырлаймын, жырымды мен таңға ұрып.  
Намысың болса кеуденде әлі кішкентай,  
Көгіңе көтер Қазақтың атын мәңгілік.

**МЕҢІҢ ТІЛІМ**

Уызын жарып, шыққанда алғаш діріл үн,  
Бар әлем менің тілімде сөйлеп жібідін.  
Тек менің тілім ең таза тіл кіршіксіз,  
Қорғаушысымын жанымның емі, сырының.  
Ақ сүтіменен сіңген бойға анамның,

Керегі жоқ байлығы басқа ғаламның.  
Өз тіліммен "ана" деп айттым бірінші.  
Жадында жатыр сол ұлы сөз санамның.

Бойыма сіңген бабамның тері, қанымен,  
Ақындар алып жырлаған сені жанымен.  
Бақытыма тілді теңеймін менде Мұқанша,  
Күнім ең жылы, айым ең сұлу бағым ең.

Жылуың маған күннен де ыстық шынымен,  
Халықтың рухы шындалады тек тілімен.  
Тілімнен менің нәр алғың келсе егер де,  
Қазақ деп сокқан, жүректен шыққан жырымды ем!

**ХОШ МАХАББАТ**

Айды алып берер ем сұра, гүлім  
Хош махаббат жүрегім жыла бүгін.  
Жолда кетіп барамын көңілдегі,  
Шырақ сөнді, үзілді үміт, құлады күн.

Арманға барар едім өзінмен бір,  
Өрнектеп сызар едім сезіммен гүл.  
Хош махаббат өтер ем құлық болып,  
Жадырата төгілсе көзіңнен нұр.

Болар едім ханзадан ақбоз атты,  
Елемей ешбір жаман дақ мазакты.  
Хош махаббат көріп ем жүрегіннен,  
Қызға лайық әдемі нақ ғажапты.

Хош махаббат осымен үзілді арман,  
Елестетем әдемі жүзінді алдан.  
Өргеніп, өрт болып кетіп барам,  
Сөне алмай қиналады сезім жанған.

**ҚазҰУ – білімнің Хан Тәңірісі!**

*ҚазҰУ – жастар қалашығы. Өміріміздің ең қызықты кезеңдерінің куәсі болған, «таң атқанша таласып ұйықтамайтын, арманы мол студенттік шағымыз өткен қасиетті мекеннің біз үшін орны бөлек. Қала ішіндегі қалашықтан жылма-жыл талай дарын білім алып, талай талант түлеп ұшуда. Жалынды жастар, сан түрлі студент еліміздегі ең үздік оқу ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өз болашағын жолға қойып, арман-мақсаттарының орындалуы үшін білім алуға. Олардың алаңсыз білім алуына, спортты сүйюіне, өнерін өрістетуіне барлық жағдай жасалған.*



Досжан Балабекұлының фотосы

Әл-Фараби бабамыздың рухымен қуаттанған университет ұжымы осы күнге дейін тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл шет елдерге танылды. Бүгінде ел мақтанышына айналған тұлғалардың көбісі дерлік осы оқу ордасының білімімен сусындап, қанаттанды. Талай профессор, ғалымдардың дәрістерін тындап, өз болашақтары үшін өнегелі тәрбие ала білді. Осы еңбегінің арқасында, мыңдаған таланттардың талпыныстарының нәтижесінде – ҚазҰУ-дың дәрежесі жоғары, мәртебесі биік. Алайда, бұл жетістіктер оңайлықпен келмегені анық. Арада өткен 80 жыл ҚазҰУ-дың өсіп-өркендеуі үшін тарихи кезеңге айналды. Осы 80 жылдық тарихында киелі қарашаңырақ қазақ ғылымының барлық саласының дамуына теңдессіз үлес қосты. Білім алған 4 жыл біз үшін тек қызықты, көңілді. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Алайда, біз осы өткен уақытымыз үшін еш өкінбейміз. ҚазҰУ бізге таусылмас білім берді, айрылмас

достар сыйлады, есте қалар қызықты шақтарды жадымызда қалдырды. Осының барлығы үшін алғыс білдіреміз. Биыл біз үшін, жалпы қазулықтар үшін – айрықша жыл. Киелі қарашаңырақта үлкен той, үлкен мереке. Осы мерекемен қатар біз де осы қарашаңырақтан түлеп ұшқалы отырымыз. Өзіміз білім алған Экономика және бизнес жоғары мектебі, қаржы кафедрасының ұстаздары мен профессорларына, факультет деканы Баян Жүндібайқызы Ермекбаеваға алғыс айта отырып, болашақ талапкерлерді осы оқу ордасында өз білімін жетілдіруге шақырамыз. Қызықты өткен студенттік күндерімнің куәсі болған ҚазҰУ-ымыз мәңгі жүрегімізде!

**Жанболат МАРАТОВ,**  
**Жансерік ӘМІРЖАНОВ.**  
экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенттері

**Бас ием саған, ҚазҰУ!**

Алматы... Әл-Фараби атындағы студенттер қалашығы. Оқу ғимараттары, Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, зәулім-зәулім студенттік үйлер... Табиғатын айтсаңызшы, ауасы қандай тап-таза! Бұл – білім қуған жас талапкерлер ордасы. Мектеп қабырғасынан осы университеттің биология факультетін биология ғылымының негізін салушы ғалымдардың дәріс оқитын орталығы деп білген мына мен үшін, қара шаңырақ астында білім нәрімен сусындау теңдесі жоқ бақыт болатын. Қара шаңырақтың қоластына жиылған жиырма мыңға жуық ізденушінің талабын тау шыңына өрлетер жағдайдың барлығы да жасалған. Осылайша, қара шаңырақ ҚазҰУ-да оқу Алланың маған берген жақсы сыйы деп білемін. Сонау балалық балғын сезіммен болашағымызды елестеткен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында білім іздеп, білікті маман боламыз деген арман 4 жылды артқа тастатыпты. Сол уақыттар аралығында, талай-талай қуанышымызға куә болған ыстық ұя – білім ордасы кимас сырласымызға айналғандай. Білім нәрімен сусындатып, болашағымызға бағдар берді. Міне, бәрін айт та, бірін айт, 80 жасты да бағындырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – саған тілер тілектер, саған айтар алғыстар, саған келіп бас иер азаматтар санында есеп жоқ. Соның бірі, өзіннен биылғы 2014 жылы түлеп ұшпақ мына – Мен! «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деп тауып айтқан қазақ халқымыздың сөзіне – Біз дәлелміз. Сені әлі де талай белестерден, биік шындардан көреміз деп сеніп, бағындырар белес пен асырар тауына бір тамшыдай болсын өз үлесімізді қосуға әрқашанда дайынбыз!

**Ботагөз ҮСПБЕК,**  
биология және биотехнология факультетінің 4-курс студенті

Жалғасы. Басы 1-бетте

# СЕРПІН БЕРЕР СОНЫ БАСТАМА



Атап айтқанда, студент жастар, жыл өткен сайын республикалық, тіпті, халықаралық ауқымдағы сайыстарда белсенді өнер көрсетіп, аталған жетістіктерге өзіндік үлестерін қосуда. Сондықтан, сіздерден шебер ойындар мен асқақ жеңістер күтеміз», – деген тілегін айтты.

Бұдан кейін сөз кезегі тиген Қазақстан Футбол федерациясының төрағасы В. Катков турнирдің оқушылар мен жалпы жастар арасындағы бұқаралық спорттың дамуына серпін берер шара екендігін айта келіп, бұл жарыстың студент-жастарға жасалып отырған үлкен мүмкіндік екендігін, іріктеу турларынан кейін көзге түскен үздік ойыншылардың

ішінен іріктеліп, ұлттық құрама сапына да қабылдану мүмкіндігі барын ескертіп өтті.

Шара барысындағы өзгеше бөліп айтар жаңалық – министр А. Сәрінжіпов осы турнирдің ашылу салтанатына арнайы шақырылған, таяуда ғана Оңтүстік Корея жерінде дүбірлеп өткен XVII жазғы Азиада ойындарында республика құрамасы сапында табысты нәтижеге жетіп, жүлдегер болып оралған ҚазҰУ-лық чемпион-студенттерді марапаттады. Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында 45 мемлекеттің командасы қатысқан айтулы жарыста Қазақстан өз рекордын жаңғыртып, барлығы 84 медаль, соның ішінде 28 алтын, 23 күміс және 33 қола жүлдені қанжығаларына байлаған

болатын. Еліміздің құрамасы жалпы командалық есепте Қытай, Оңтүстік Корея және Жапониядан кейінгі төртінші орынды иемденген еді. Ал, Ұлттық құрама сапында университетіміздің түлектері мен студенттері қатарынан 17 адам өнер көрсетіп, 5 алтын, 4 күміс және 4 қола медальды алқаланып қайтты. Олардың қатарында ерекше атап, мақтан етер азаматтарымыз – дзю-до күресінен алтын медаль иегері Елдос Сметов пен суға жүзуден 3 алтынды қанжығасына бөктерген Дмитрий Баландин!

Әрі солармен қатар, жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт

шебері, сырықпен секіруші Никита Филиппов, қазіргі заманғы бөксайыстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ксения Александрова, семсерлесуден халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Юлия Живица мен Эльмир Әлімжанов, дзю-до күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мариан Ордабаев, жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, эстафеталық жүгірістен (4x100 м) күміс жүлде иегері Виктория Зябкиналарға Азиада ойындарының ұйымдастырушылары тағайындаған жеңімпаздар дипломдары табыс етілді.



**Азамат Талантұлы Смағұлов,**  
физика-техникалық факультеттің  
Ікурс студенті, ҚазҰУ  
құрамасының ойыншысы:

Жалпы, жақсы ойын болып жатыр. Құрама сапына келуімнің өзі кездейсоқтау болды. Біздің бірінші курс студенттері арасында іріктеу жүргізілді де, мен ойламаған жерден құрама сапына алындым. Біздің алғашқы қарсыласымыз – Қазақ ұлттық техникалық университеті мықты команда болып шықты. Шабуылдарын шеберлікпен ұйымдастыра біледі. Өздері ұйымшыл екен.



**Дамир Мейрамулы Оразаев,**  
физика-техникалық факультеттің  
3-курс студенті,  
ҚазҰУ құрамасының ойыншысы:

Футболдан Студенттер лигасының құрылғандығы өте құптарлық шаруа екен. Жоғарыдағы ағаларымызға көп рахмет айтқым келеді. Барлық жастар атынан. Өзімнің арманым – Университетіміздің құрамасының сапында жақсы ойын көрсетіп, шетелге шығып, солардың жасын алаңдарында өнер көрсетсем деймін. Ал, мына ұйымдастырылып жатқан Студенттер лигасының тұңғыш турнирінде біздің алдымызға қойылған басты мақсат – қалай да 1-орынды жеңіп алып, желтоқсан айында Астанада өтетін шешуші додаға қосылу. Оған қол жеткізерімізге бек сенімдімін.



**Педро Визуэтэ Кастро,**  
химия және химиялық  
технологиялар  
факультетінің магистранты:

Ойын әуелде тең басталған болатын, ал, соңғы голдарды салауатты бәсекелестік рух ауанындағы құмарлыққа еніп кеткеннен соң барып соқтық. Жалпы, лига құру идеясы біздің алдымыздан өз күш-қуатымызды көрсетуге үлкен мүмкіндіктер ашады. Өйткені, бұл жерде анағұрлым биік мақсаттар қойылады, себеп те бар – республика чемпионы болу.



Дайындаған **Бейбіт ТӨЛЕГЕНҰЛЫ**

Суреттерді түсірген **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Бейбіт МЕКЕЕВ**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп,  
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 1285

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.